

"Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқару тәртібі туралы нұсқаулықты" бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2000 жылғы 25 мамырдағы N 304 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 13 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1194

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 15.07.2004 № 417 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 5 мамырдағы ҚРЗ N 47-11 Z000047 _ "Қазақстан Республикасының кейбір заң кесімдеріне қылмысқа қарсы күресті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

З а ң ы н а с ә й к е с б ұ й ы р а м ы н :

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқару тәртібі туралы қоса беріліп отырған Нұсқаулық бекітілсін.

2. Астана қаласы ІІБ, Алматы қаласы ІІБ, облыстардағы ІІББ, ІІБ б а с т ы қ т а р ы н а :

1) қылмыстық-атқару инспекцияларының, әкімшілік, криминалдық және көші-қон полициялары қызметкерлерінің осы Нұсқаулықты оқып-үйренулерін ұйымдастырсын және орындауларын қамтамасыз етсін;

2) жергілікті атқарушы органдармен немесе жергілікті өзін өзі басқару органдарымен бірге қоғамдық жұмыстардың объектілерін анықтасын;

3) осы Нұсқаулыққа сәйкес журналдар, бланкілер және карточкалар дайындауды және оларды қалалық, аудандық ішкі істер органдарына жіберуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының ішкі істер вице-министрі ішкі қызмет генерал-майоры Н.А. Власовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
І ш к і і с т е р м и н и с т р і -
І ш к і ә с к е р л е р қ о л б а с ш ы с ы

генерал-лейтенант

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

І ш к і і с м и н і н і ң

2 0 0 0

ж ы л ғ ы

" ___ " _____

№ _____
бекітілген

б ұ й р ы ғ ы м е н

К е л і с і л г е н
Қазақстан Республикасының
Б а с п р о к у р о р ы

2000 ж. 25.02

Келісілген

Келісілген

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы сотының төрағасы

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі

2000 ж. 15.03

2000 ж. 07.04

**Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі
жазаны атқару тәртібі туралы**

Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Қылмыстық және Қылмыстық атқару кодекстеріне және сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаларды атқару тәртібі мен шарттарын қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленген.

2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуді атқару заңды күшіне енген сот үкімінің (қаулысының, ұйғарымының) негізінде жүзеге асырылады және оны сотталғанның тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарының қылмыстық атқару инспекциясы (бұдан әрі - Инспекция) сотталғанның негізгі жұмысын, оқуын, жасы мен еңбекке қабілеттілігін ескере отырып, Инспекцияның келісімі бойынша жергілікті атқару органдары немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары белгілеген объектілерде атқарады.

3. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуге сотталған адамдар белгіленген жазаның осы түрін атқарудың тәртібі мен шарттарынан шыға отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қылмыстық, Қылмыстық-атқару, Қылмыстық іс жүргізу кодекстерімен белгіленген шектеулері бар Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына ие болады және міндеттерін атқарады.

4. Сотталған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар белгіленген жазаның осы түрін атқарудың тәртібі мен шарттарынан шыға отырып, Конституцияға, халықаралық шарттарға, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайлары туралы заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қылмыстық, Қылмыстық-атқару, Қылмыстық іс жүргізу кодекстерімен көзделген шектеулері бар құқықтарға ие болады және міндеттер атқарады.

5. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдар қандай да бір арнайы даярлықты талап етпейтін, аумақтарды көріктендіру, қосалқы, арту-тиеу жұмыстарымен т.б. қарапайым, қоғамдық-пайдалы жұмыстарды орындауға тартылуы мүмкін.

6. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза өтеуді атқаратын Инспекцияның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының қылмыстық және қылмыстық-атқару кодекстеріне және өзге де, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің нормативтік құқықтық актілеріне және осы Нұсқаулыққа негізделеді.

7. "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы заңына сәйкес сотталғанды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындау кезінде заңдылықтың сақталуын қадағалауды прокуратура органдары жүзеге асырады.

8. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуші адамдар жаза өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттарын сақтауға, еңбекке адал ниетпен қарауға, белгіленіп берілген объектілерде жұмыс істеуге, тұрғылықты жерін өзгерткендігі жөнінде дер кезінде хабардар етуге, шақыру бойынша Инспекцияға келуге міндетті. Осы талаптарды орынсыз себептермен орындамаған жағдайда сотталған адам заңдармен белгіленген тәртіпте жауапты болады.

2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқарушы органдар

9. Қалалық аудандық ішкі істер органдарының Инспекциялары қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқарушы органдар болып табылады.

Үкімнің шығарылу сәтіне кәмелеттік жасқа толмаған адамдарға қатысты қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқаруды әкімшілік полиция қызметінің кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі қызметті ұйымдастыру бөлімшелері жүзеге асырады.

10. Қалалық, аудандық ішкі істер органының Инспекциясы:

- 1) сотталғандардың есебін жүргізеді;
- 2) оларға жаза өтеудің тәртібі мен шарттарын түсіндіреді;
- 3) жергілікті атқару органдарымен немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қоғамдық жұмыс объектілері жөнінде келісімге келеді;
- 4) сотталғандардың жүріс-тұрысын бақылайды;
- 5) жаза өтеуден жалтарушы сотталғандарды ұстау туралы шешім қабылдайды ;
- 6) олардың жұмыс істеген уақытының жиынтық есебін жүргізеді және сотталғанның орындаған жұмысынан түскен қаржының дер кезінде тиісті бюджетке түсуін бақылайды ;
- 7) сотталған бірінші немесе екінші топтағы мүгедек болып танылған

жағдайда сотқа оны бұдан әрі жаза өтеуден босату туралы ұсынымхат (N 1 қосымша), ал сотталған әйел жүкті болған жағдайда жазасын өтеуде кейінге қалдыру ұсынымхат (N 2 қосымша) жібереді;

8) жаза өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін оны Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарға сәйкес жауапкершілік туралы ескертеді (N 3 қ о с ы м ш а) ;

9) жазаны өтеуден кәнігі жалтарушы сотталғандарға қатысты Инспекция сотқа қоғамдық жұмыстарды Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 45, 46 және 48-баптарымен көзделген мерзімдер шегінде Қазақстан Республикасының ҚК 42-бабының 2-бөлігінде сәйкес жазаның басқа түрімен ауыстыру туралы ұсынымхат (N 4 қосымша) жібереді. Сотталғанды қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу кезіндегі бір күн бас бостандығынан айыру, бостандығынан шектеу немесе тұтқынға алу қоғамдық жұмыстың сегіз сағаттық уақыты есебі ескеріледі;

10) сотталғанның жаза өтеуден жалтарғандығы туралы ақпараттарды дер кезінде алу үшін кәсіпорын әкімшілігімен тығыз қарым-қатынасты қамтамасыз е т е д і ;

11) олардың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша азаматтар мен сотталғандардың хаттарын, арыздарын, шағымдарын қарайды;

12) атқаруға келіп түскен үкімдер (қаулылар) бойынша сотпен және аумақтық Құқықтық статистика мен ақпараттар орталығымен тоқсан сайынғы салыстыруды жүргізеді. Ол туралы үш данада салыстыру актісі жазылады. Бірінші данасы сотта қалады, екіншісі - соттың белгісі қойылып, аумақтық Құқықтық статистика және ақпарат орталығына ұсынылады, ал үшіншісі - Инспекция ісінде сақталады.

3. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқару үшін сот үкімін орындауға қабылдауды ресімдеу

11. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны анықтайтын сот үкімі Инспекцияға үкімнің (қаулының) көшірмесімен бірге соттың тиісті өкімі келіп түскен күннен бастап он күндік мерзімнен кешіктірілмей орындауға алынады.

12. Заңды күшіне енгені туралы анықтамасы бар сот үкімінің көшірмесі және тұрғылықты жеріндегі Инспекцияға келіп жету қажеттілігі туралы сотқа берілген қолхат қоғамдық жұмыстарға тарту үшін негіздің бар екендігін растайтын құжат болып табылады. Тиісті жағдайларда сот үкімінің көшірмесіне кассациялық немесе қадағалау инстанциясы ұйғарымының (қаулысының) көшірмесі қоса т і р к е л е д і .

13. Инспекция қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны атқару үшін сот үкімін сот ресімдеу кезінде:

1) үкімнің (қаулының) көшірмесі оның қосымшаларымен бірге келіп түскен күні қалалық, аудандық ішкі істер органдарының кіріс құжаттары журналында тіркейді, ал содан кейін сотталған адамның деректерін арнайы номерленіп, бау өткізілген және мөр басылған журналға (N 5 қосымша) енгізеді. Сотталғанның мекен-жайын өзгертуіне байланысты басқа Инспекциялардан келіп түскен жеке істерді де осындай тәртіпте тіркейді.

Осы бөлімнің 12-тармағында тізілген құжаттардың көшірмелерінде оны орындауға кедергі келтіретін, үкімнің жазаны дұрыс қолдану бөлігіндегі мән-жайларына қатысты көмескіліктер, қателер кездескен жағдайда Инспекция прокуратура органдарына үш күндік мерзім ішінде соттың осы үкіміне қарсылық білдіру туралы ұсыным хат жібереді;

2) үкімнің (қаулының) көшірмесі тіркелгеннен кейін сотталған адамға есепке алу карточкасын (N 6 қосымша) толтырады, оны дербес есепке алу картотекасына салады және жеке істі (N 7 қосымша), күзет карточкасы (N 8 қосымша) және мерзімдік-бақылау карточкасын (N 9 қосымша) ашады.

Сотталғанның жеке ісінде: үкімнің көшірмесі (тиісті жағдайларда - ұйғарымның, қаулының, нұсқаманың көшірмелері), сотқа, әскери комиссариатқа жіберілген хабарламалар, ұйымға жіберілген жолдау-анықтаманың көшірмесі, ұйымның жолдау-анықтаманы алғандығы туралы хабарландыруы, қолхат, полицияның учаскелік инспекторының атына жазылған рапорттың көшірмесі, күзет карточкасының көшірмесі, әңгімелесу анықтама, жұмыс істеген уақытын есепке алу табелі, ұйымның жұмысқа қабылдау туралы бұйрығының көшірме жазбасы, сауалнама және осы адамның жаза өтеуіне қатысты барлық материалдар сақталады. Жеке ісінде болатын материалдар тігіліп, номерленуі және іс мұқабасы ішкі бетіндегі тізімге енгізілуі тиіс.

Жеке істің және есепке алу карточкасының реттік номерлері бір-біріне, сондай-ақ үкімнің (қаулының, нұсқаманың) көшірмесінің журналда тіркелген нөміріне сәйкес келуі керек.

Жеке істер мен картотека жұмыс күні аяқталғаннан кейін құлыпқа жабылатын және мөрленетін металл шкафта сақталады;

3) сотталған адам есепке алынғаннан кейін Инспекция қызметкері рапорт (N 10 қосымша) арқылы қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына сот үкімінің (қаулысының) шешімі бойынша сотталған адамға қатысты оның жүріс-тұрысына, мінез-құлқына бақылау жасауды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларын жүргізуді әкімшілік полиция қызметіне тапсыру қажеттілігі туралы б а я н д а й д ы ;

4) үш күндік мерзімде үкім (қаулы) шығарған сотқа сот шешімі атқаруға алынғандығы туралы хабарлама (N 11 қосымша) жібереді.

14. Нақты әскери қызметке шақырылуға жататын адамдарды есепке қою

туралы тиісті қалалық, аудандық, әскери комиссариатқа хабарлама (N 12 қосымша) жіберіледі және оның расталуы талап етіледі.

15. Әрбір сотталған адам сол жердегі Инспекция есебіне қойылғаннан кейін әңгімеге шақырылады, әңгіме барысында оған қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттары түсіндіріледі, оның сауалнамалық деректері, жақын туысқандары мен сотталған ықпал етуі мүмкін адамдар мәліметтер, сондай-ақ, оның жүріс-тұрысын бақылау үшін қажетті басқа да мәселелер анықталады. Әңгімелесу өткізілгеннен кейін сотталған адамнан қолхат (N 13 қосымша) алынып, жеке ісіне тігіледі.

4. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаларды атқару тәртібі

16. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны жүзеге асыру кезінде
И н с п е к ц и я :

1) жылдың басында жергілікті атқару органдарымен немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен қоғамдық жұмыстардың объектілерін келіседі.

2) нақты ұйымға қоғамдық жұмыстарды орындау үшін жолдама-анықтама (N 14 қосымша) беруге міндетті. Осы жазаны өтеу орнын белгілер кезде Инспекция сотталғанның тұрғылықты жерін, еңбекке қабілеттілігін, отбасы жағдайын е с к е р е д і .

Жолдама-анықтамада: сотталғанның сауалнамалық деректері; оның тұрғылықты жері мен негізгі жұмыс (оқу) орны; соның негізінде сотталған ҚР ҚК-тің бабы; қоғамдық жұмыстардың мерзімі (сағат өлшемінен); ҚР ҚАК-тің 32-бабына сәйкес оның есептелу тәртібі; жұмыс беруші-ұйым әкімшілігінің міндеттері (ҚР ҚАК-тің 33-бабы) көрсетілуі тиіс.

17. Ақшалай төлемнің тиісті бюджетке аударылғандығы туралы төлем тапсырмасының көшірмесі Инспекцияның тиісті номенклатуралық істеріне т і г і л е д і .

18. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабына сәйкес сотталғандар қоғамдық жұмыстарды негізгі жұмыстан немесе оқудан бос у а қ ы т ы н д а о р ы н д а й д ы .

19. Егер де қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу кезінде қосымша жұмыстар мен қоса атқарылатын жұмысты атқару сот шешімінің ойдағыдай орындалуына кедергі жасайтын болса, сотталған адамның өтініші бойынша жазаны өтейтін жердегі ұйымның әкімшілігі Инспекцияның келісімі бойынша жұмыс немесе қоса атқарылатын жұмыс істеуге мүмкіндік беретіндей қоғамдық жұмыстарды орындау кестесін белгілей алады.

20. Сотталғанның тарапынан жаза өтеудің тәртібі және шарттары өрескел бұзылған жағдайда Инспекция қызметкері жазбаша ескерту (N 3 қосымша) шығарады, онымен сотталған адам қолын қойып танысады, содан соң ол жеке

і с к е

т і г і л е д і .

21. Қоғамдық жұмыстарға сотталған адамның жаза өтеу кезінде ол туралы міндетті түрде Инспекцияны алдын ала хабардар ете отырып, тұрғылықты жерін ауыстыруға құқығы бар. Ол басқа қалаға, ауданға көшіп кеткен жағдайда есепке алу құжаттары тиісті Инспекцияға жіберілуі тиіс. Сотталған адамның жаңа тұрғылықты жеріндегі Инспекция жеке іс пен есепке алу карточкасын алғандығы туралы растау қағаз жібереді. Сотталған адам жұмыс істеген ұйымның әкімшілігі бұрынғы тұрғылықты жеріндегі Инспекцияның ұсынысы бойынша оны жұмыстан босатады, жаңа тұрғылықты жеріндегі Инспекция оған қайталама жолдама-анықтама береді. Егер тұрғылықты жерін ауыстыру кезінде ол тұратын аудан (қала) өзгермеген болса, сотталған адам бұрынғы Инспекцияның есебінде қ а л а д ы .

22. Сотталғанның еңбекке шектеулі қабілеттілігі анықталған (бірінші немесе екінші топтағы мүгедек деп танылмаған) кезде Инспекция осы адамдар жаза өтеп жатқан ұйымға оларды жұмыстардың неғұрлым жеңіл түрлеріне ұсыныс жасайды.

5. Қоғамдық жұмыстарға сотталған адамдарды есепке алу

23. Сотталғанның жеке ісі, қоғамдық жұмыстарды өтеуші адамдарды есепке алу журналы, есепке алу карточкасы дербес есепке алу құжаттары болып т а б ы л а д ы .

Сотталғандарды дербес есепке алудың төрт түрі бар: жедел, алдын ала, бақылау және іздеу салынғандардың себебі:

1) қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаны нақты өтеуші адамдар жедел есепке а л ы н а д ы ;

2) а л д ы н а л а е с е п к е :

жаза өтеуден дәлелді себептерсіз жалтарушы адамдар;
қоғамдық жұмыстарды жазаның басқа шараларымен алмастыру үшін олардың жеке істері сотқа жіберілген адамдар алынады;

3) б а қ ы л а у е с е б і н е :

әкімшілік ықпал ету шарасы ретінде тұтқынға алынған адамдар;
10 күн ішінде олардың тиісті ұйымдарға келуі туралы растау қағазы (бұйрықтардың расталған көшірмелері, олардың көшірме жазбалары) келіп т ү с п е г е н д е ;

осы жазаны өтеудің басталуы кейбір дәлелді себептер бойынша кейінгі қ а л д ы р ы л ғ а н д а р ;

қайта қылмыс жасауына байланысты бұлтартпау шарасы ретінде қамауда б о л а т ы н а д а м д а р ;

ауруына байланысты жұмыс істемейтін және жұмыс ұсынылмағандар;
мәселені сот шешкенге дейін адам 1 немесе 1-топтағы мүгедек деп танылған

а д а м д а р ;

сотталған әйел үкімінің орындалуын кейінге қалдыру туралы соттың шешіміне дейін жүкті болған жағдайда;

олардың жеке істерін алу туралы растау қағазы келіп түспеген, осы Инспекция қызмет көрсететін аумақтың шегінен шығып кеткен адамдар; еңбекке жарамдылығы немесе созылмалы және өзге де ауыр сырқаттарының болуын анықтау медициналық куәландыру жіберілген адамдар алынады;

4) іздеу салынғандардың есебіне сот ресми түрде іздеу жарияланған сотталғандар алынады.

6. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мерзімін есептеу

24. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мерзімі:

1) сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды орындаған сағаттары бойынша е с е п т е л е д і ;

2) қоғамдық жұмыстардың уақыты сотталған адамның демалыс күндері мен негізгі жұмыстан немесе оқудан бос болған кезде төрт сағаттан, ал жұмыс күндері - жұмыс немесе оқу аяқталғаннан кейін екі сағаттан, ал сотталғанның келісімі бойынша - төрт сағаттан аспауы тиіс.

25. Апта ішіндегі қоғамдық жұмыстардың уақыты, әдетте, он екі сағаттан кем болмайды. Дәлелді себептер кезде Инспекция сотталғанға апта ішінде жұмыс істеу сағатының аз мөлшеріне рұқсат беруге құқылы.

Сотталған адамға оның негізгі жұмысы оқу орны бойынша жыл сайынғы берілетін демалыс немесе каникул кезеңінде бұл жағдайларда жазаны атқарудың тоқтатылмауына байланысты қоғамдық жұмыстарды орындаудың ұзақтығы күніне 4 сағатқа жетуі мүмкін (сотталғанның келісімі бойынша).

26. Сотталған адам жұмыспен өтеуге міндетті сағаттардың жалпы санын сот қосалқы жұмысты есепке алмастан тағайындайды.

27. Қоғамдық жұмыстардың уақыты жалпы, үздіксіз, арнайы еңбек өтіліне қосылмайды, еңбек кітапшалары толтырылмайды.

28. Ұйым әкімшілігінің сотталған адамды жіберген Инспекциядан жолдама-анықтаманы және басқа да құжаттарды алған күні қоғамдық жұмыстарды өтеу мерзімінің басталуы болып табылады.

29. Заңдармен көзделген бірқатар дәлелді себептер болғанда Инспекция:

1) м ы н а д а й ж а ğ д а й л а р д а :

сотталғанның еңбекке уақытша қабілетсіздігі кезінде (оның ішінде медициналық тексеру арқылы расталған);

сотталғанның дәлелді себептермен тұрақты тұрғылықты жерінен уақытша шығып кеткен кезінде (әскери жиындарға тарту, жақын туысқандарының ауыр сырқаты немесе қайтыс болуы және басқа да ерекше маңызы бар жеке

м ә н - ж а й л а р) ;

сотталған адамның жаза өтейтін ұйымы жұмыспен уақытша қамтамасыз етілмеген кезде жазаны атқарудың басталуын кейінге қалдыруға;

2) мынадай жағдайларда:

сотталған адам сырқаттанғанда;

сотталған адамға жұмыс көлемі ұсынылмағанда;

сотталған адам құқық бұзғаны үшін әкімшілік тұтқында болғанда;

жаңа қылмыс жасауына байланысты сотталған адам алдын ала қамау

орындарында

болғанда;

әртүрлі себептерге байланысты сотталған адам қоғамдық жұмыстарға шықпағанда жаза атқаруды тоқтамға алуға құқылы.

30. Сотталғанның жаза өтеу орнына бару және кері қайту жолының уақыты еңбек туралы заңдармен осы уақыттың жұмыс уақыты ретінде төленуі қарастырылған жағдайлардан басқа кездерде қоғамдық жұмыстардың ұз а қ т ы ғ ы н а қ о с ы л м а й д ы .

31. Ұйым әкімшілігі сотталғанды іссапарға жібере алмайды.

32. Сотталған адам медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша 1 немесе 2-топ мүгедегі деп танылған жағдайда Инспекция сотқа оны бұдан әрі жаза өтеуден босату туралы ұсынымхат (N 1 қ о с ы м ш а) ж і б е р е д і .

33. Сотталған әйел жаза өтеу кезеңінде жүкті болған жағдайда Инспекция сотқа жаза өтеуді кейінге қалдыру туралы ұсынымхат (N 2 қосымша) жібереді. Бұл ретте сотқа ұсынымхатпен бірге: сотталған әйелдің жүктілігі мен босануына байланысты жұмыстан босатылған мерзімі көрсетіле отырып, оның жұмыс орны берген анықтама, тұрғылықты жері берген анықтама жіберіледі.

7. Сотталғандардың қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу орнындағы ұйым әкімшілігінің міндеттері

34. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаға сотталған адамдардың еңбегін пайдаланушы ұйымның әкімшілігі:

1) сотталғандардың оларға белгіленіп берілген жұмыстарды орындауына б а қ ы л а у ж а с а й д ы ;

2) сотталғандардың орындаған жұмыстары үшін тиісті бюджетке ай сайын қаржы аударады. Сотталғандар орындаған жұмыстың бағасы ұйымда қолданылып жүрген бағалар бойынша анықталады;

3) Инспекция, сотталған адамның жұмыс істеген сағаттарының саны туралы хабардар етеді. Әкімшіліктің сотталған адамдар жұмысына тікелей бақылау жасайтын өкілі жүргізетін табель (N 15 қосымша) сотталған жұмыс істеген

уақытын есепке алу нысаны болып табылады. Табельде күніне әрбір сотталған адам жұмыс істеген сағаттардың нақты саны, ай сайын белгіленіп отырады;

4) Инспекцияны сотталғандардың жаза өтеуден жалтарғаны туралы хабардар е т е д і .

5) сотталған адам белгіленген жұмыстарды анықталып берілген сағаттар санына сәйкес атқарғаннан кейін Инспекцияға ол туралы хабарлама-анықтама жібереді және тек Инспекциядан оның есептен алынғандығы туралы растау қағаз алған кезде ғана сотталған адамды белгіленген жаза мерзімін өтеуіне байланысты ж ұ м ы с т а н б о с а т а д ы .

35. Ұйымның (кәсіпорынның) әкімшілігі заңды түрде күшіне енген сот үкімін орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 362-бабына сәйкес жауапты болады.

8. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеп жатқан адамдардың жауапкершілігі

36. Инспекция сотталған адамды қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін оның Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарына сәйкес жауапкершілігі туралы ескертеді. Сотталған адамды ескерту (N 3 қосымша) жазбаша түрде шығарылады, сотталған онымен танысып, қолын қояды және ісіне тігіледі.

3 7 . М ы н а л а р :

1) сотталған адамның Инспекцияға үкімінің (қаулының) көшірмесімен бірге соттың тиісті үкімі келіп түскен және ол атқаруға бағытталған күннен бастап 10 күн ішінде есепке алуға, жаза өтеудің тәртібі мен шарттарын түсіндіруге келмеуі;

2) сотталған адамның көрсетілген мерзімде Инспекцияның жіберуі бойынша қоғамдық жұмыстарды орындауға кірісуден бас тартуы;

3) оның үш күн бойы дәлелді себептерсіз Инспекция жіберген ұйымдағы ж ұ м ы с қ а ш ы қ п а у ы ;

4) сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды өтеп жүрген ұйымның тәртіп е р е ж е л е р і н б ұ з у ы ;

5) еңбек тәртібін бұзуы;

6) Инспекцияға өзінің тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарламауы қоғамдық жұмыстарды өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзу болып табылады.

3 8 . М ы н а л а р :

1) қоғамдық жұмыстарға дәлелді себептерсіз бір ай ішінде кемінде екі реттен көп шықпаған (жазаны өтеу басталған күннен бастап немесе қоғамдық жұмыстарға шықпауының бірінші күнінен бастап есептелетін бір айдың ішінде қоғамдық жұмыстар орнына үш және одан да көп рет келмеу);

2) еңбек тәртібін бір айдың ішінде екі реттен көп бұзған (жұмыс орнында

алкогольдік, есірткілік немесе уыттық мас күйде болу, қоғамдық жұмыстарды орындамау, жұмыстан өз еркімен кету, жұмысқа шықпау);

3) жаза өтеуден жалтару мақсатында жасырынушы сотталған адам қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден кәнігі жалтарушы болып танылады.

39. Сотталған адам жаза өтеуден кәнігі жалтарған жағдайда Инспекция сотқа Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабының 2-бөлігіне сәйкес қоғамдық жұмыстарды жазаның басқа түрлерімен ауыстыру туралы ұсынымхат (N 4 қосымша) жібереді.

Жаза өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін қайта бұзу анықталған күннен бастап он бес күн ішінде қоғамдық жұмыстарды ауыстыру туралы ұсынымхат сотқа жіберіледі.

Инспекция сотқа қоғамдық жұмыстарды жазаның басқа түрлерімен ауыстыру туралы дәйекті және дәлелді ұсынымхаттан басқа, сотталғанның өзі жазған жазбаша түсініктеме, қоғамдық жұмыстарды өтеу орнындағы ұйым әкімшілігінің анықтамасы, сотталған адамға әкімшілік және тәртіптік шаралар қолдану туралы мәліметтер, сотталғанның жеке ісі сияқты қосымша құжаттар жібереді.

40. Жаза өтеуден жасырынушы сотталған адамға қатысты бастапқы іздестіру іс-шаралары жүргізілген кезде мынадай мәліметтер, сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша (көршілерінен, туысқандарынан) жұмыс орнынан алынған түсініктемелер, мекен-жай бюросы, көші-қон полициясының қызметтері, Криминалдық ақпарат басқармасы, қабылдау-тарату орны, емдеу мекемелері, мәйітханалар арқылы тексеру туралы анықтамалар, сондай-ақ сотталған адамның жеке басы туралы анықтама және байланыстарының сызбасы жиналады.

41. Егер бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізу кезінде сотталғанның болу орны анықталмаған болса, сотқа оған іздеу жариялау туралы ұсынымхат (N 16 қосымша) жіберіледі. Ұсынымхатта бастапқы іздестіру іс-шараларының нәтижелері және басқа да мәліметтер көрсетіледі.

Сотталған адамға іздеу жариялау туралы соттың қаулысы шығарылғаннан кейін бастапқы іздестіру іс-шараларының материалдары бұдан әрі іздестіру үшін криминалдық полиция қызметіне беріледі.

9. Жаза өтеуді тоқтату және сотталғандарды есептен шығару тәртібі

42. Қоғамдық жұмыстарға сотталған адамдар:

1) егер сотталған адам оған белгіленген жұмыс сағаттарының санын толық істеп шықса;

2) рақымшылық жасау актісінің күшіне сәйкес;

3) істі өндіріспен тоқтату туралы үкімді бұзу салдарынан осы жазаны өтеуден босатылады және Инспекция оларды есептен шығарады.

43. Жаза өтеуден босатылған адамдармен қатар:

1) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияның қортындысы бойынша жаза өтеу кезінде бірінші немесе екінші топ мүгедектері болып танылған адамдар , сондай-ақ жүкті болған сотталған әйел.

Бұл жағдайларда Инспекция сотқа мүгедекті бұдан әрі жаза өтеуден босату туралы, ал жүкті әйелге қатысты-жаза өтеуді кейінге қалдыру туралы ұсынымхат жібереді ;

2) жазаны өтеуден кәнігі жалтарғаны үшін қоғамдық жұмыстар бас бостандығынан айыруымен, бостандығын шектеумен немесе тұтқындаумен алмастырылған адамдар ;

3) жаңа қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталғандар;

4) өлген адамдар есептен шығарылады.

44. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеп шыққан немесе одан басқа да негіздер бойынша босатылған адамдарға жазаны өтеп шыққандығы туралы анықтама (N 17 қосымша) беріледі.

45. Сотталған адам жазасын өтеп шыққаннан кейін Инспекция қызметкерінің қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығы бекіткен рапорты бойынша есептен шығарылады, сондай-ақ көші-қон полициясы бөліміне хабарлама (N 18 қосымша) жіберіледі .

46. Нақты әскери қызметке шақырылуға жататын адамды есептен шығарғаннан кейін тиісті қалалық, аудандық әскери комиссариатқа хабарлама (N 19 қосымша) жіберіледі .

47. Сотталған адамды есептен шығарудың күні мен негізгі туралы белгілер сотталғандарды есепке алу журналында, қоғамдық жұмыстарға сотталғанның жеке ісі мен есепке алу карточкасында жасалады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСМІНІНІҢ
ҚЫЛМЫСТЫҚ-АТҚАРУ ЖҮЙЕСІ КОМИТЕТІ

1-қосымша

Бекітемін

(ІІО - ның атауы ,

арнайы атағы, Т.А.Ә.)

бастығы

200__ ж. " ____ " _____

Бұдан әрі жаза өтеуден босату туралы

Ұсынымхат

инспекторы

(ішкі істер органының атауы)

(атағы, тегі, аты-жөні)

20__ жылғы "___" _____

(с от т ы ң а т а у ы)

ҚР ҚК-тің _____ бабындағы _____ бөлік бойынша _____ сағаттық
қоғамдық жұмыстарға сотталған азамат (ша) _____

(т е г і , а т ы ,

_____ материалдарын қарап шығып,
_____ әкесінің аты, туған жылы) _____

_____ (сотталған адамның мүгедек деп
танылуы, психикалық

_____ ауытқулардың пайда болуы туралы мәліметтер мен

_____ медициналық сараптама комиссиясының қорытындысы баяндалады)

Анықтадым

Жоғарыда баяндалған жайттарды ескеріп және Қазақстан Республикасы
Қылмыстық-атқару кодексінің 31-бабын басшылыққа ала отырып, сотталған

_____ (тегі, аты, әкесінің аты)

материалдарын оны бұдан әрі жазасын өтеуден босату туралы мәселені
шешу үшін _____

сотына

жіберуді мақсатқа сай болады деп санаймын.

_____ ПО-ның инспекция бастығы

(қолы)

(тегі)

2-

қосымша

Бекітемін

_____ (ПО-ның атауы,

_____ арнайы атағы, Т.А.Ә.)

_____ бастығы

200__ ж. "___" _____

Әйел адамның жүкті болуы мен босануына байланысты

жазасын өтеуді кейінге қалдыру туралы
Ұсынымхат

инспекторы

(ішкі істер органының атауы)

(атағы, тегі, аты-жөні)

20__ жылғы " __ " _____

(соттың атауы)

ҚР ҚК-тің _____ бабындағы _____ бөлік бойынша _____
сағаттық

қоғамдық жұмыстарға сотталған азамат (ша) _____

— (тегі, аты,

_____ материалдарын қарап
шығып,

әкесінің аты, туған жылы)

(сотталған әйелдің жаза өтеу кезеңіндегі жүріс-тұрысы,

оның сот жүктеген міндеттерді орындауы туралы

_____ мәліметтер баяндалады)

А н ы қ т а д ы м

Жоғарыда баяндалған жайттарды ескеріп, сондай-ақ медициналық
мекемесінің жүкті болуы мен босануына байланысты оған демалыс беру туралы

құжатының негізінде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару
кодексінің 31-бабын басшылыққа ала отырып, сотталған _____

— (тегі, аты, әкесінің аты)

материалдарын оның жаза өтеуін кейінге қалдыру туралы мәселені

шешу үшін _____
сотына
жіберуді мақсатқа сай болады деп санаймын.

ПО-ның инспекция бастығы (қолы) (тегі)

3-қосымша

Қоғамдық жұмыстарды басқа, одан да қатаң
жазамен ауыстыру туралы
Ескерту

Мен, _____ ПО

қылмыстық-атқару
инспекциясының _____

(лауазымы, тегі, аты-жөні)
200 __ ж. " __ " _____ инспекцияға _____

жылы
туған, сотталған _____

(тегі, аты-жөні)
шақырдым. Ол _____

(сотталған адамның сот жүктеген міндеттерді

орындаудан жалтаруының нақты фактілері көрсетіледі,

әкімшілік немесе тәртіптік жаза қолдануға себеп болған

қандай қоғамдық тәртіп бұзушылыққа жол берілді,
_____ жол берген.

қашан)
Жоғарыда баяндалған жайттарға байланысты және Қазақстан
Республикасы

Қылмыстық-атқару кодексінің 34 және 35-баптары басшылыққа алына отырып,
сотталған адам сот жүктеген міндеттерді орындамауын жалғастырған не
жазасын өтеуден кәнігі жалтарған жағдайда бұл жазаның басқа, одан да қатаң
жазамен ауыстырылуы мүмкін екендігі жөнінде ескертілді.

200 __ ж. " __ " _____

(инспекция қызметкерінің қолы)

Осы ескерту маған хабарланды _____

(сотталған адамның қолы)

200 __ " __ " _____

4-қосымша

Бекітемін

(ПО-ның атауы,

арнайы атағы, Т.А.Ә.)

бастығы

200 __ ж. " __ " _____

Қоғамдық жұмыстарды жазаның басқа түрімен ауыстыру туралы
Ұсынымхат

200 __ ж. " __ " _____ қаласы

инспекторы

(ішкі істер органының атауы)

(атағы, тегі, аты, әкесінің аты)

20 __ жылғы " __ " _____

(соттың атауы)

ҚР ҚК-тің _____ бабы бойынша _____ сағаттық қоғамдық
жұмыстарға сотталған азамат (ша) _____

(тегі, аты,

материалдарын қарап
шығып,

әкесінің аты, туған жылы)

(сотталған әйелдің жаза өтеу кезеңіндегі жүріс-тұрысы,

оның сот жүктеген міндеттерді орындауы,

еңбекке деген ниеті, қоғамдық тәртіпті бұзуы туралы

және сотталған адамды жаза өтеуден кәнігі жалтарушы

ретінде сипаттайтын басқа да мәліметтер баяндалады)

А н ы қ т а д ы м

Жоғарыда баяндалған жайттарды ескеріп, Қазақстан Республикасы
Қылмыстық-атқару кодексінің 34 және 35-баптарын басшылыққа ала отырып,
сотталған _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

материалдарын қоғамдық жұмыстарды бостандығын шектеумен, тұтқынға
алумен

немесе бас бостандығынан айырумен (керегін сызыңыз) ауыстыру туралы
мәселені шешу үшін _____

сотына

жіберуді мақсатқа сай болады деп санаймын.

ПО-ның инспекция бастығы

(қолы)

(тегі)

5-қосымша

(қалалық, аудандық ішкі істер органының атауы)

Қоғамдық жұмыстарға сотталғандарды есепке алу

Журналы

200__ ж. " __ " _____ басталды

200__ ж. " __ " _____ аяқталды

(5-қосымшаның ішкі мазмұны)

Қоғамдық жұмыстарға сотталғандарды есепке алу

Журналы

жеке !Т.А.Ә.!туған!тұрғылықты!қашан, !есепке !қашан, !есептен !шығару
іс ! !жылы,! мекені !қай сот !қою !қайда !шығарылған!негізі
нөмірі! !жері! !қанша !датасы !жұмысқа !датасы !

! ! ! !мерзімге! !жіберілді! !

! ! ! !соттаған! ! ! !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9

6-қосымша

(қалалық, аудандық ішкі істер органының атауы)

Қоғамдық жұмыстарды өтеуші адамның

____ Есеп карточкасы

Т.А.Ә. _____

Туған жылы мен жері _____

Мекен-жайы _____

Жұмыс (оқу) орны мен лауазымы _____

200_ ж. " __ " _____

(соттың атауы)

ҚР ҚК-тің _____ бабы бойынша _____ сағаттық
қоғамдық

жұмыстарға сотталған.

200_ ж. " __ " _____ есепке алынған.

_____ жұмысқа
жіберілді.

(кәсіпорынның атауы)

200_ ж. " __ " _____ есепке шығарылған.

Карточканы толтырған _____

(лауазымы, атағы,

Т.А.Ә., қолы)

Жұмыс орны мен тұрғылықты жерін өзгертуі туралы белгі соғылатын
орын

(мұқабаның сыртқы беті)

7-қосымша

(қалалық, аудандық ішкі істер органының атауы)

Қоғамдық жұмыстарды өтеуші адамның

_____ Жеке ісі

(тегі, аты, әкесінің аты)

200_ ж. " __ " _____ Қазақстан Республикасы ҚК-тің _____ бабы
бойынша _____ сағаттық қоғамдық жұмыстарға сотталған.

(жазбаша)

200_ ж. " __ " _____ есепке қойылған.

200_ ж. " __ " _____ есептен шығарылған.

Істегі парақтардың саны _____

(жазбаша)

Негіз _____

(мұқабаның ішкі беті)

7-қосымша

Жеке істегі құжаттардың тізімі

р/н ! құжаттың қысқаша мазмұны ! істің парақтары ! ескерту

NN ! ! !

Қолы _____

200_ ж. " __ " _____

8-қосымша

_____ ПО-ның

көші-қон полициясы бөлімінің

бастығы _____

(атағы,

Т . А . Ә .)

Күзет карточкасы

Қоғамдық жұмыстардың аяқталуы:

200_ ж. " _ " _____ (айы, жылы)

Тегі, аты, әкесінің аты _____

—
Туған жылы мен жері _____

—
_____ ҚР ҚК-тің _____

бабы

(датасы, соттың атауы)

бойынша _____ сағаттық қоғамдық жұмыстарға сотталған.

Сотталған адам тұрғылықты жеріндегі есептен шығуға әрекет жасағанда

инспекция _____

—
(инспектордың тегі,

—

қызметтік телефонының нөмірі)

хабарландырылсын.

ПО-ның бастығы

(арнайы атағы,

аты-жөні, тегі)

_____ 200_ ж. " _ " _____

(қолы)

Ескертпе: Жаза мерзімі аяқталғанға дейін картотекада сақталады.

9-қосымша

Мерзімдік-бақылау карточкасы

Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу мерзімінің аяқталуы

—

(датасы, сағат саны)

Т.А.Ә. _____

—
_____ есепке

қойылған.

Жеке ісінің нөмірі _____

Карточканы жазған инспектор _____

—

(тегі, қолы)

10-қосымша

(қалалық, аудандық ішкі істер
_____ бастығы
органының атауы)

(атағы, тегі, аты-жөні)

Рапорт

_____ мекен-жайында

20__ жылғы " __ " _____ ҚР ҚК-тің _____ бабы бойынша сотталған
азамат

(ша) _____

тұрады.

(тегі, аты, әкесінің аты)

(сотталған адам туралы қосымша мәліметтер,

сот жүктеген міндеттер, оларды бұзу, бұған дейін сотты болуы және т.б.)

Сізден азамат _____

қатысты оның жүріс-тұрысына бақылау жасауды жүзеге асыруды және оның
тарапынан қайта қылмыс жасаудың, қоғамдық тәртіп пен жүктелген
міндеттердің бұзылуының алдын алу мақсатында іс-шаралар жүргізуді
әкімшілік полиция қызметіне тапсыруды, сотталған адамның жүріс-тұрысы мен
онымен жүргізілген жұмыс туралы Инспекцияны хабардар етіп отыруды
сұраймын.

ПО-ның инспекция бастығы

(қолы)

200__ ж. " __ " _____

Мөртабан орны

11-қосымша

Хабарлама

(соттың атауы, мекен-жайы)

аудандық

(қалалық, облыстық) соттың 200__ жылғы "___" _____ N _____

(қалалық, аудандық

қылмыстық-атқару

инспекциясы

ішкі істер органының атауы)

сотталған _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

200__ жылғы "___" _____ шығарылған сот үкімі (қаулысы, нұсқамасы)
көшірмесінің 200__ жылғы "___" _____ алынғандығын және атқаруға
қабылданғанын хабарлайды.

_____ бастығы
200__ ж."___" _____

(қолы)

Мөртабан орны

12-қосымша

(қаланың, ауданның атауы)

_____ әскери комиссариаты

Мекен-жайы _____

Әскери есепте тұрған, _____ жылы туған, _____

_____ мекен-жайында
тұратын

(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ жылғы "___" _____

сотының

үкімімен ҚР ҚК-тің _____ бабы бойынша _____

(жазбаша)

сағаттық қоғамдық жұмыстарға сотталды.

Жалпыға бірдей әскери міндет туралы Заңға сәйкес қылмыстық жаза өтеуші адамдар нақты әскери қызметке шақырылмайды.

Азамат _____

_____ қоғамдық жұмыстарды өтеу мерзімі туралы Сіздерге қосымша хабарланады.

_____ ПО-ның инспекция бастығы

_____ (қолы)

_____ кесу сызығы _____

_____ ПО-ның

_____ қылмыстық-атқару инспекциясына

_____ мекен-жайда

_____ тұратын,

_____ әскери міндетті _____

_____ (тегі, туған жылы)

_____ есепке алу карточкасына белгі қойылды.

_____ әскери комиссары _____

_____ (қолы)

_____ 13-қосымша

_____ Қолхат

_____ Мен, _____

_____ (Т.А.Ә.)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабындағы 2-бөліммен және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 34 және 35-баптарымен таныстым. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеудің тәртібі мен шарттарын бұзу мен жалтару үшін жауапты болу туралы ескертілдім және

- жаза өтеудің белгіленген тәртібі мен шарттарын сақтауға, еңбекке

адал ниетпен қарауға;

- белгіленіп берілген объектілерде жұмыс істеуге және қоғамдық жұмыстардың сот белгілеген мерзімін өтеп шығуға;

- қылмыстық-атқару инспекциясын тұрғылықты жерімді өзгертуім жөнінде хабардар етуге міндеттенемін.

_____ жолдама

_____ алдым.

(кәсіпорынның атауы)

200__ ж. " __ " _____

(сотталған адамның қолы)

Қолхат алған _____

(инспекция қызметкерінің

лауазымы, атағы, т.а.ә.)

200__ ж. " __ " _____

(қолы)

14-қосымша

(кәсіпорынның атауы)

бастығына (директорына)

мекен-жайы _____

Жолдама-анықтама

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 30, 31,
32-баптарына сәйкес Сіздің кәсіпорынға _____ жылғы " __ " _____
_____ сотының үкімімен ҚР ҚК-тің _____

(соттың атауы)

бабы бойынша _____ сағаттық қоғамдық _____

—
жұмыстарға сотталған азамат _____

(тегі, аты, әкесінің аты,

_____ туған жылы, тұрғылықты жері, негізгі жұмыс (оқу) орны
жазасын өтеу үшін жіберіліп отыр.

М.О. _____

(ПО-ның атауы)

бастығы _____

(арнайы атағы,

_____ т.а.ә.)

_____ ж. " __ " _____

_____ кесу сызығы _____

_____ Хабарлама алынғаннан кейін толтырылып, мөрмен расталады және дереу
Инспекцияға жіберіледі.

Хабарлау қағазы

_____ ж. " ____ " _____ N _____

_____ ПБ-ның қылмыстық-атқару инспекциясына

Сотталған азамат (ша) _____

(тегі, аты-жөні)

_____ қоғамдық жұмыстарды орындауға

(жұмыстың атауы)

_____ ж. " ____ " _____ кірісті.

_____ (кәсіпорынның атауы)

_____ бастығы (директоры) _____

(қолы)

М.О. _____ қызмет. тел. _____

(14-қосымшаның келесі беті)

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 33-бабына сәйкес кәсіпорын әкімшілігіне сотталған адамдардың белгіленіп берілген жұмыстарды атқаруына бақылау жасау, олардың жұмыс істеген сағаттарының саны туралы немесе жаза өтеуден жалтарғандығы туралы Инспекцияға хабарлау жүктеледі.

Ай сайын тиісті бюджетке сотталғандардың орындаған жұмыстары үшін қаржы аударады. Сотталғандар орындаған жұмыстардың бағасы ұйымда қолданылып жүрген бағалар бойынша анықталады.

15-қосымша

_____ (ұйымның, кәсіпорынның атауы)

Жұмыс істеген уақытты есепке алу

Табелі

Т.А.Ә. _____

Жұмыс орны _____

Лауазымы _____

_____ ж. _____

(айы)

_____ Датасы ! жұмыс ! жұмыс ! сотталған ! Учаске, объект бастығының (күні, айы ! уақыты ! істелді ! адамның ! қолы жылы) ! ! (жазбаша) ! қолы !

_____ Барлық шыққан күні _____, жұмысқа шықпаған күндері _____.

Кешіккен уақыты _____, жұмыс істеген сағаты _____.

Тапқан еңбекақысы _____ теңге _____ тиын.

Табельші _____

(тегі, аты-жөні) (қолы)

_____ бастығы _____

(ұйым, кәсіпорын) (қолы)

(табельдің келесі беті)

Датасы ! Жіберілген тәртіп бұзушылықтар ! Жазбаны енгізген
(күні, ! туралы мәліметтер және басқа да ! адамның тегі және
айы, ! жазбалар ! қолы
жылы) ! !

16-қосымша

Бекітемін

(ПО-ның атауы, арнайы атағы,

Т.А.Ә.)

_____ бастығы

200 __ ж. " ____ " _____

Іздеу жариялау туралы

Ұсынымхат

Мен, _____ ПО-ның _____

(қылмыстық-атқару инспекциясының атауы)

(лауазымы, атағы, т.а.ә.)

_____ ж. " ____ " _____

(соттың атауы)

соты ҚР ҚК-тің _____ бабы бойынша _____ сағаттық қоғамдық
жұмысқа сотталған, _____ ж. " ____ " _____ бастап инспекцияның
есебінде тұрған азамат (ша) _____

(тегі, аты, әкесінің аты,

_____ материалдарын қарап шығып,
туған жылы мен жері)

(сотталған адамның келмеу себептері, инспекцияға қай уақыттан

келмей жүргені көрсетіледі, сотталған адамның болатын орнын

анықтау жөніндегі бастапқы-іздістіру іс-шараларының нәтижелері

мен оның жаза өтеуден және инспекцияның бақылауынан жалтару

мақсатымен жасырынғаны туралы мәліметтер баяндалады)

Анықтадым

Жоғарыда баяндалған жайттарды ескеріп және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 34 және 35-баптарын басшылыққа ала отырып, сотталған _____

(тегі, аты,

әкесінің аты)

материалдарын бұлтартпау шарасы ретінде тұтқындауды таңдап алу арқылы іздеу жариялау туралы мәселені шешу үшін _____

_____ сотына жіберіп отырмын.

ПО-ның инспекторы

(қолы)

(тегі)

17-қосымша

Анықтама

_____ ж. " _____ "

(соттың атауы)

соты ҚР ҚК-тің _____ бабы бойынша _____ сағаттық қоғамдық жұмысқа соттаған азамат (ша) _____

_____ берілді.

Ол _____ ж. " _____ " _____ бастап

_____ ж. " _____ " _____ жазасын өтеді

және _____

(босатудың негізі

_____ босатылды.

көрсетіледі)

Оның жаза өтеген нақты мерзімі _____ сағатты құрайды.

ПО-ның инспекция бастығы

(қолы)

М.О.

200

_____ ж.

" _____ "

18-қосымша

Хабарлама

_____ ж. " _____ "

(соттың атауы)

соты ҚР ҚК-тің _____ бабы бойынша _____ сағаттық қоғамдық жұмысқа соттаған, _____

(ішкі істер органының атауы)

қылмыстық-атқару инспекциясының есебінде тұрған _____

(жазасын өтеп шыққан адамның тегі, аты,

_____ әкесінің аты, туған жылы)

(есептен шығарудың негізі)

_____ ж. " ____ " _____ есептен шығарылды.

ПО-ның инспекция бастығы

(атағы, т.а.э.)

_____ ж. " ____ " _____

(қолы)

19-қосымша

(қаланың, ауданның атауы)

_____ әскери комиссариаты

Мекен-жайы _____

Әскери есепте тұрған, _____ ж. " ____ " _____

_____ соты ҚР ҚК-тің _____ бабы бойынша

(соттың атауы)

_____ сағаттық қоғамдық жұмысқа соттаған, _____

_____ мекен-жайында тұратын

_____ жылы туған, _____

(т е г і , а т ы ,

_____ әкесінің аты)

_____ ж. " ____ " _____ жазасын өтеуден босатылды.

ПО-ның инспекция бастығы _____ (қолы)

200 _____ ж. " ____ " _____

М.О. 200 _____ ж. " ____ " _____

